

Мамандандырылған ауданааралық экономикалық және әкімшілік сottарды құру туралы

Казақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2002 жылғы 9 ақпан N 803

"Казақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы" 2001 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағына, 6-бабының 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Астана қаласында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қолданыстағы заңдарға сәйкес экономикалық дауларды қарауға үәкілетті мамандандырылған ауданааралық экономикалық сottар құралы .

2. Астана және Алматы қалаларында мамандандырылған ауданааралық әкімшілік сottар құралы .

3. Әділет біліктілік алқасы, Әділет министрі, Жоғарғы Соттың Төрағасы осы Жарлықпен құрылған сottардың төрағалары мен судьяларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу жөніндегі шараларды заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына осы сottардың кадр құрамы жөнінде ұсыныстарды табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қолдансын.

5. "Алматы және Қарағанды қалаларында мамандандырылған ауданааралық экономикалық сottар құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 535 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 1-құжат) өзгерістер енгізілсін:

Жарлықтың атауындағы "Алматы және Қарағанды қалаларында" деген сөздер "Алматы қаласында және Қарағанды облысында" деген сөзben алмастырылсын;

1-тармақтағы "Алматы және Қарағанды қалаларында" деген сөздер "Алматы қаласында және Қарағанды облысында" деген сөзben алмастырылсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін .

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК